

## “SAMSUNG INNOVATION CAMPUS HACKATHON” ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

«Samsung Innovation Campus Hackathon» («жоба») жобасына қатысудың осы ережелері «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС («Ұйымдастырушы») және Акцияның қатысушысы арасындағы келісім болып табылады. Акцияға қатысу арқылы қатысушы Акцияға қатысудың осы ережелерімен («Ережелер») келісетінін білдіреді.

### 1. Жалпы ережелер:

- 1.1. **Ұйымдастырушы:** «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA», «САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ» ЖШС, келесі мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050000, Желтоқсан көшесі, 115 ғ., «Kaisar Plaza» сауда-кеңсе орталығы, 3-қабат.
- 1.2. Жобаны өткізу кезеңі: 2023 жылдың 10 сәуірі мен 2 шілдесі аралығында.
- 1.3. Жобаны өткізу қаласы: Астана.

### 2. Жобаға қатысушы

2.1. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, жасы 16 бастап 22 дейінгі мектеп оқушылары мен студенттер, соның ішінде 2023 жылы бітірген түлектер, сонымен қатар ҚР жоғары оқу орындарында білім алатын шетел студенттері Жобаның қатысушылары бола алады («Қатысушы»).

### 3. Жобаны өткізу механикасы

3.1. Осы ережелерге сәйкес Қатысушылар Жобаға әрі қарай қатысу үшін <https://hackathon.samsung-campus.kz/> сайтында тіркеледі.

### 4. Жобаға қатысу шарттары

- 4.1. Жобаға қатысу үшін, Қатысушылар келесі әрекеттерді орындауы қажет:
  - <https://hackathon.samsung-campus.kz/> сайтында жазылған Жобаның барлық шарттарымен танысу;
  - Берілген тақырыпқа идея ойлап табу, тіркеу процесінен өту және 2023 жылдың 30 мамырына дейін <https://hackathon.samsung-campus.kz/> сайтында өтінім беру үшін форманы толтыру. Жеке немесе 10 адамға дейінгі команда құрамында өтінім беруге болады.
  - Жюри мүшелері келесі кезеңге өткізу үшін өтінімдерді іріктейді. Сәтті тіркелген жағдайда немесе өтінімі қабылданбаса, Қатысушы 2023 жылдың 25 маусымына дейін ұсынған пошта мекенжайына хабарландыру/электронды хат алады.
  - Сәтті іріктеуден кейін Жоба Қатысушылары іс-шараны өту күндері идеяларын шындыққа айналдыру үшін жоба бойынша жұмыс істеуге жіберіледі және ақтықсын таныстырылымына қатысады.
  - Жобалар бойынша негізгі жұмыс, ақтықсын таныстырылымы және марапаттау Астана қ. өтеді.
  - Қатысушылар шараны өткізу орынына өз бетімен жетеді және барлық шығындарды өздері төлейді. Жобаға қатысу – тегін.
  - Командалар алдын ала идеяларды ғана ойлап табады, жобаны шындыққа айналдырудағы қалған жұмыстың барлығы, соның ішінде код жазу мен құрылғыларды жинау хақатон кезінде

орындалады. Қатысушылар жоба жұмысына қажетті барлық материалдар мен гаджеттерді өзімен бірге әкеледі.

- Командалардың жоба бойынша жұмыс істеу кезеңі – 2023 жылдың 1 шілдесі бастап 2 шілдесіне дейін (24 сағат). Қатысушылар өз идеяларын шындыққа айналдырып, презентацияны қосқанда соңғы файлдарды сайтқа жүктеуі қажет.
- Сонымен қатар командалар қазылар алқасының бағасына әсер ететін аралық дедлайнды ұстануы керек.
- Соңғы файлдар тексерілген соң, қатысушылар жобаларды қазылар алқасының алдында таныстыра алады.
- Қазылар алқасы хакатонның нәтижелерін барлық командалардың жобалары мен презентацияларын бағалағаннан кейін жариялайды.

## 5. Басқа

5.1. Жобаға қатыса отырып, сондай-ақ дербес деректер болып табылатын ақпаратты қоса алғанда, кез келген ақпаратты ұсыну арқылы Қатысушы Ұйымдастырушыға және уәкілетті үшінші тұлғаларға Акцияның өткізілуін, оның шарттарының орындалуын, жарнамалық, маркетингілік және хабарламалық жіберілімдерді, сонымен қатар ақпараттық мақсатта басқа да контактілерді бақылау үшін жеке деректерді сақтауға, өңдеуге, беруге, орналастыруға келесі көлемде рұқсат береді: орналасқан қаласы, толық ТАӘ, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы.

5.2. Ұйымдастырушы Қатысушыға интернетте келесі мекенжай бойынша сәйкес хабарландыру жариялау арқылы алдын ала хабарландырып осы Ережелерді біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы: <https://hackathon.samsung-campus.kz/>. Хабарландыру күні сәйкес ақпаратты жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша жарияланған күн немесе парақшадағы шарттар өзгертілгенде көрсетілген қосымша күн болып табылады. Көрсетілген өзгерістермен келіспеген жағдайда Қатысушы Жобаға қатысудан бас тарту арқылы өзгерістерді қабылдаудан бас тартуға құқылы. Осы мерзім аяқталғаннан кейін Жобаға қатысуды жалғастыру Қатысушының енгізілген өзгерістермен келіскенін білдіреді.

5.3. Жоба лотерея немесе тәуекелге негізделген құмар ойын болып табылмайды.

5.4. Жобаға қатыса отырып, Қатысушылар өзінің суретімен/қатысуымен фотосуреттер/видео/промо роликтерді Ұйымдастырушының Сайтында, Ұйымдастырушының/Серіктестің ресми парақшаларында, Жобамен байланысты басқа да тұлғалардың әлеуметтік желілерінде жариялауға келісім береді.

5.5. Пікір алу мақсатында Ұйымдастырушының қызмет көрсету сапасын бақылау үшін Қатысушыға / Жеңімпазға Сапа бөлімінен қоңырау шалуы мүмкін. Қатысушы / Жеңімпаз өз пікірін ұсынудан бас тартуға құқылы.

Ұйымдастырушының колл-орталығының байланыс деректері:

**8-10-800-500-55-500** – кез келген өңірден қоңырау шалу тегін  
7799 – Қазақстанның кез келген ұялы операторынан қоңырау шалу тегін.